ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 09 желтоқсан № 1013-24-00-2/2769 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Балғабеков
оңайтылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Абай облысы Курчатов қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «АТАС» Налсейтова Әсем Ерсейтқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Абай облысы Курчатов қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «АТАС» Налсейтова Әсем Ерсейтқызына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «АТАС» Налсейтова Әсем Ерсейтқызы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «АТАС» Налсейтова Әсем Ерсейтқызынан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «АТАС» Налсейтова Әсем Ерсейтқызынан мемлекет кірісіне 5 664 (бес мың алты жүз алпыс төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 170 (жүз жетпіс) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облысы сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым, наразылық – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья **С. Балғабеков**

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 10.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 21.01.2025, судья Балғабеков С. Б., 22.01.2025

1013-24-3-1/2775